

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2021)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/RPSN2986>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TLVE1301>**С. Ф. Калкашев^{1*}, Б. Ш. Абдиманопов², Д. Д. Есимова³**^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

³Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІ БОЛУЫНДАҒЫ ПӘНДІК ИНТЕГРАЦИЯ

Бұл мақалада география пәні стандартында белгіленген оқушыда қалыптасу керек дағдылар мен құндылықтар қолжетімді болуындағы пәндік және пәнаралық интеграцияның маңыздылығы, тиімділігі қарастырылған. Осы пәндік байланыстарды қалай тиімді жүзеге асыруға болатынын ғылыми зерттеулерге негізінде саралап, сондай-ақ оқушылардың зият қырлары, қызығушылықтары, пәндерге икемділіктері бойынша география пәніне қызығушылықтарын арттыруға болатынына нақты мысалдар келтірілген. Мұғалімдердің сыртқы фактор ретінде оқушы дағдыларын арттыру мен ішкі өзіндік Мендерін ашуға қажет мұғалім дағдылары да қарастырылған.

Оқушыларға кәсіби бағдар беріп дағдаларын қалыптастыруда инновациялық әдіс, пәндік интеграция негіздемесі мен оқытудың аксиологиясы арқылы зерттеліп тиімді жоспарланды.

Қазіргі заманғы нарықтық және әлеуметтік-экономикалық Білім берудегі табиғат тәрбиесі, тәрбие болжамдары, отбасылық тәрбие сияқты ұлы тәрбие ұғымдары қайта қарастырылды.

Сондай-ақ мақалада білім беру реформасындағы бағдарламалар сараланып, критериялды бағалауды білім беру жүйесіне енгізу қажеттіліктері қарастырылған. Стандартқа сай оқушыда болу қажет дағдылар мен сол дағдыларды қалыптастырудағы ХХІ ғасыр мұғалім құзыреттіліктері талқыланып, критериялды бағалау негізінде нені ескеру керек?, қалай жүзеге асыру керек деген сұрақтар төңірегінде нақты мысалдар және ғылыми дәлелдермен ашып көрсетілген. Бағалаудың барлық түрлеріне, түсінігі мен тәртібіне, сипаттамаларына жалтылай түсінік берілген.

Кілтті сөздері: интеграция, интеграциялық бағалау, пәнаралық интеграция, кәсіби бағдар, табиғат пен ген, кеңістіктің ойлау, зият, ағын.

Кіріспе

«География» – табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән. Ол табиғи және антропогендік нысандарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән. Бұл пән оқушыларды түрлі географиялық жағдайларда адамдардың өмір сүру деңгейі, шаруашылықтың жүргізілуі жайлы деректермен таныстыра отырып, адамзаттың өмір сүру ортасын кешенді қарастырады және дүниені нақты заңдар бойынша қалыптасып, дамиды аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелер түрінде қабылдауды қалыптастырады. Географиялық білім жергілікті және ғаламдық деңгейлерді қамтитын көптеген геосаяси, саяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипатқа ие проблемалардың шешімін, географиялық заңдылықтарды түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ қоғамның аумақтық бөлінісін ұйымдастырудың және табиғатты пайдаланудың тиімді жолдарын дәлелдеуге, қоғамның қауіпсіз даму стратегияларының негізін жасауға, белгілі бір уақыт пен кеңістікте қоршаған табиғи ортаны тиімді пайдалану және сақтау проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістемелер

«География» пәнін негізгі (7–9) және (10–11) жалпы орта білім деңгейінде оқытудың мақсаты: дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдай білетін, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу үшін оқушылардың білік пен дағдыларын қалыптастыру және дамыту болып табылады, оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет болады:

– географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі заманғы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;

– оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

– қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

- оқушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;
- оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;
- оқушылардың кеңістіктік ойлауы мен картографиялық дағдыларын қалыптастыру;
- географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
- оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;
- еоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдар туралы түсінікті дамыту;
- оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;
- оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру дағдыларын қалыптастыру [1].

Осы аталған дағдыларды әсіресе соңғы – геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын **әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру дағдаларын қалыптастыруды** жүзеге асырудағы инновациялық әдістің бірі – пәндік интеграцияны тиімді жоспарлау арқылы жүзеге асыру болады. Интеграция (лат. *Integration* - қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) біріктіру, кіріктіру, ықпалдастыру деген мағынаны білдіреді [2]. Интеграция, пәндік интеграцияға негіздемес бұрын оқу мен оқытудың аксиологиясын негіздеп алу қажет етіледі. Оқыту дегеніміз не? Оқытудағы тиімділік пен табыстылық деген не? Оқытуды ұйымдастырудағы тиімділік пен табыстылық «қалай істейміз?» деген сұрақты алға тартады, тіпті оқытуды басқару мен көшбасшылықтағы маңызды сұрақтың бірі **«қалай?»** оқытамыз дегенге басымдылық беріледі. Сондықтан оқытуды ұйымдастыруда тек көзге көрінетін оқытумен шектелмей, көзге көрінбейтін факторларды алға жетелеу өте маңызды. «Оқу» ұғымының мазмұнын ашып қарасак, зерттеу

жұмыстарына жүргізілген талдау оқу нәтижелерінің бес түрін анықтауға мүмкіндік берді:

1 *Оқу білімнің сандық ұлғаюы ретінде.* Оның нәтижесі алынған ақпарат болып табылады (негізгі міндет – «**көп білу**»).

2 *Оқу есте сақтау ретінде.* Нәтиже – қайта өндіруге болатын **есте сақталған көлемді ақпарат.**

3 *Оқу ақпарат жинақтау ретінде.* Нәтиже – есте сақталып, қажет болған жағдайда қолдануға да болатын **дерек, дағды және әдістердің айтарлықтай мөлшердегі жиынтығы.**

4 *Оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретінде.* Бұның нәтижесі – оқушының **пәннің құраушы бөліктері мен шынайы өмір арасындағы өзара байланыстарды анықтай алуы.**

5 *Оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру тәсілі ретінде.* Нәтижесі – **әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып-білу.**

Міне осындай ОҚУ деген не екендігін талдаған соң осы жердегі 4 және 5-тұжырымдамалар анағұрлым күрделі, жаңа түсіндірмелерге негізделген және бұл ретте оқу деген ұғымның аясы оқушының ақпаратты қабылдау мен сақтауынан әлдеқайда кең екендігін байқаймыз. Бұл 4 және 5 тұжырымдамалар оқудың «ішкі» немесе жеке тұлғалық аспектісіне бағдарланған. Оқу оқушының шынайы өмірді түсінуіне көмек беретін құбылыс ретінде қарастырылады. Соңғы жылдардағы зерттеулерде оқу адамның білім алудағы нақты мүмкіндіктерін пайдалану сипатын қалыптастыратын жиынтық, яғни бастан кешкен тәжірибе, әлеуметтік қарым-қатынастар, құндылықтар, амал-тәсілдер мен ұстанымдарының кешенді үйлесімі ретінде анықталған [3]. Оқу деген не екендігіне толық талдау жасалған соң география пәніндегі міндеттерге соның ішінде оқушыларға кәсіби бағдар беру дағдыларын қалыптастыруда оқудың ішкі және тұлғалық аспектілеріне бағдарланған әдістер арқылы қолжетімді қылуымыз қажет. Сол тиімді әдістердің бірі – пәндік және пәнаралық интеграция, интеграциялық бағалау болып табылады. Яғни пәндік және пәнаралық интеграцияны, интеграциялық бағалауды дұрыс жоспарлау арқылы оқушының ішкі оқуы мен тұлғалық оқуы аспектілері арқылы дағды қалыптасып, оқу және пән мақсатына жетеді. Бұл жердегі ішкі оқуы – мінезі, жадысының ерекшелігі, ақпаратты қабылдау жылдамдығы, денсаулығы, және т.б. сияқты туа біткен ерекшеліктер арқылы оқушының оқуды қабылдауы, оқуы болып табылады; тұлғалық - қызығушылығы, отбасылық тәрбиесі, араласатын достары, күнделікті көретін телеканалы, әлеуметтік желідегі тіркелген аккаунттары, мұғалімдердің педагогикалық шеберліктері және т.б. факторлардан, ортадан қалыптасатын оқушының оқуы болып табылады. Сондықтан да география пәні бойынша оқушының

күзiреттiлiгiн арттыруда педагогтiң рөлi мен әрекетi қандай болмақ деген сұрақ туындайды? География пәнi мұғалiмi бағалау, саралау, психологиялық аспектiлердi жетiк бiлiп, географиялық ақпараттарды басқа пәнге шебер кiрiктiрiп қана қоймай, керiсiнше басқа пәндердi география сабағына енгiзе алу арқылы оқушының iшкi және тұлғалық қалыптасуына ықпал ете алуы керек, ол деген тек өз пәнiн емес, пәндегi кез-келген тақырыпта басқа пән немесе саланы (оқушыны ескерiп отырып) кiрiктiру, ол үшiн әрине мұғалiм көп салалы бiлiмдi, соңғы ақпараттардан хабардар және оқушы әуестiгiн бiлу мiнделеттедi.

Қазiргi заманғы педагогикадағы алға қойған негiзгi мiндеттердiң бiрi – оқушының қабылдауында әрбiр пәннен алған негiзгi бiлiмдерiн тұтас бiр әлемдiк бейне тұрғысынан қабылдауға, өскелең ұрпаққа табиғат туралы, қоғам мен ондағы өзiнiң орны туралы түсiнiк беру. Орта мектепте пәндердi байланыстыра оқыту арқылы түлектерге келешектегi алатын мамандығына қарамастан жан-жақты бiлiм беруге болады. Ол үшiн мектепте оқытылатын пәндердi өзара сабақтастыра бiлу қажет. Педагогикада оқушыларға бұл үшiн оқушыға әдетте үш түрлi талап қойылады:

- мұғалiмнiң бағыт-бағдар беруiмен ұсынылған тапсырмаларды оқушының iзденiмдiк көзқараспен оқып-үйрене бiлуi;
- қарапайым зерттеушiлiк жұмыс түрлерiн орындай алуы;
- тұтас контекске енгiзiлген мәтiннiң байланысын ажырата бiлуi.

Пәндердi интеграциялау, интеграциялық бағалау жүйелi тәсiлдi пайдалануды қажет ететiн, оқушының ойын дамытуды жетiлдiруге бағытталған пәндiк iс-әрекеттi ұйымдастыру болып табылатындықтан интеграцияланған сабақта қойылған мәселенi бөлiктерге бөлiп алу негiзгi рөл атқарады. Ұсынылған тапсырмалар жүйелi, өмiрден алынған, әлеуметтiк мәнi бар мәселе болуы тиiс. Оқушы өзi үшiн өте маңызды болып есептелетiн мәселенi шешу үшiн барын салып кiрiседi, мұғалiм оған бағыт-бағдар бередi. Интеграция пәнiшiлiк және пәнаралық байланыс деңгейiнде қолданылып келедi. Мектептегi мазмұны немесе түрi жағынан бiр-бiрiне ұқсас пәндердi бiрiктiру ғана емес, бұл бiр тақырыпты оқыту барысында әр түрлi пәндердi тұтас бiр блокты бiртұтас ортақ бiр жалпы тәсiлге бiрiктiру мағынасында да қолданылады [4].

Пәндiк интеграцияда әсiресе интеграциялық бағалауға мысалдар келтiрсек, сабақта топтық формадағы тапсырмаларда вербальсiз (тiлсiз) бағалауда жұлдызшалар арқылы оқушының жеке әрекетiн бағалау, оқышысы ынтасын арттыруға қолданылып жүргендiгi белгiлi. Жеке жұмыс формасындағы тапсырмаларда соң вербальсiз бағалаулар тиiмдi болуы екiталай, сондықтан интеграциялық бағалаудан бұрын жалпы бағалау

түрлерін қолдануда тоапсырма көздерін де саралау қажет. Мысалы сыныпты Қазақстан республикасының әскері округтері бойынша топтастырып (оңтүстік, батыс, шығыс, шекара, орталық), сондай-ақ неліктен осылай топтастырғанын сұрау арқылы оқушының сыни ойлау дағдысын арттыруға және де әскери бағытта ер балалардың қызығушылықтарын арттыруға да болады. Қазақстан Республикасында жалпы 5 әскери округ бар: оңтүстік – әуе, десанттық округ, орталық – жаяу әскер округі, шығыс – танк дивизиясы округі, батыс – теңіз флоты округі және осылардың барлығын қорғап тұратын шекара округтері Қазақстанның шекаралық шеттерінде орналасқан округтер. Бұл жердегі бағалау – осы топтар әр тапсырманы орындауларынан, жауаптары, әрекеттеріне **жұлдышалар** жинау арқылы бағалау, жұлдызышалар санына қарай әр топ өз атауларына сәйкес әскері атақ алу арқылы бағаланады. Мысалы шығыс тобы 5 жұлдызша жинаса танктік дивизияның капитандары + тағы бір жұлдызша қосылса майор деген атаққа ие болып генералдыққа дейін жетуге тырысады. Егер батыс тобы болса олардың әскери шендері басқаша болып адмиралдыққа дейін жеткізуге тырысады. Осылайша оқушылардың география пәніне қызығушылығын арттыруға негізделеміз, бір оқушы болсын мамандығын дұрыс таңдай алуына себепкер де болуымыз мүмкін. Бұл жерде интеграция алғашқы әскери дайындық (АӘД) пәнімен байланыс тауып тұр.

Қазіргі кезде бағалауға смайликтердің тек жұлдышалар емес көптеген түрлері бар, сондықтан мысалы география пәніне дене шынықтыру пәні арқылы бағалау формасын кіріктіруге болады. Әрине бастысы сол сыныпта футболға қатысатын немесе футболдық ақпараттармен әуестенетін оқушылар бар болған жағдайда қолдануға болады. Себебі ғылыми зерттеулерге сәйкес спортқа бейім, спорттық зият қыры басым бала басқа пәндерден **өзық** болмайтындығы, тіпті қызығушылығы да жоғары болмайтындығы белгілі. Гарднердің зерттеуі бойынша субъектілер көп қырлы зиятқа (КҚЗ) ие деп есептеген. Сол арқылы ол зиятты өлшенетін және зияткерлік коэффициентіне (IQ) қосылатын бірыңғай және жалпы қабілет ретінде қарастырмай, керісінше, лингвистикалық, математикалық, музыкалық, кинестикалық және тұлғааралық қабілеттер мен кеңістікте бейімдеу қабелеті сияқты өзара әлсіз қарым-қатынаста болатын көптеген зияткерлік қырлары бар екенін мойындауымыз керек деп қорытады. Говард Гарднердің жұмысына айтылған жалпы сын оның теорияларының басым бөлігі эмперистік зерттеулер аясындағы кешенді және толық негіздемелерге емес, өзінің жеке интуициясы мен пайымдауларына негізделген дегенге келіп саяды [5]. Сондықтан спортпен соның ішінде спорттың қай түріне әуес екендігін біліп сол арқылы бағалауды жоспарлау талап етіледі. Мысалы жоғарыда жазылған футболмен әуестігі бар оқушы

сыныбында вербальсіз бағалауда доп арқылы смайликтерді қолдануға болады. Әр тапсырма, не жауаптары, не әрекеттері арқылы топ «гол» смайликтерін (қанша гол жинады сол арқылы футболистердің рекордың жасау деген сияқты формадағы ынталандыру) жинап мұғалім оқушының география пәніне қызығушылығын арттыра алады, сабақ мақсатына да жетеді, география пәні бойынша ішкі уәжі төмен оқушының басқа оқушылар алдында беделі және уәжі артады. Тіпті өзінің футбол туралы ақпараттарымен де бөлісіп арасында айтып қалып сабақтың өн бойында белсенді болады. Осындай бағалау формасы арқылы сол күнгі тақырыпты ашуға әбден болады.

Тарихи тұрғыдан «тәрбие» ұғымы ата-аналардың балаларына қамқорлық көрсетуі ретінде белгіленгеніне, әрі мұнда анаға ерекше рөл берілетіне қарамастан, қазіргі заманғы «*табиғат тәрбиеге қарсы*» дауында кейбір зерттеушілер бұл терминді қоршаған орта факторы ретінде (генетикалық емес) қарастырады. Осылайша, құрсақтағы және туылғаннан кейінгі, ата-аналар, туған-туысқандар және құрбы-құрдастардың тәжірибесі, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары, нарықтық жағдай және әлеуметтік-экономикалық мәртебе сияқты себептердің дамуға ықпалын негізге ала отырып, «тәрбие» ұғымы қайта қарастырылды. Өзінің «Тәрбие болжамдары» (*The Nurture Assumption*) деген кітабында Джудит Харрис әдетте «отбасылық тәрбие» деп түсінілетін «тәрбие» ұғымы бұл сөздің өз мағынасын толық бермейтіндігін айтады, себебі тұрғындар өздерінің әлеуметтік және басқа да жағдайларына қарай оны әрқалай түсінеді. Керісінше, Харрис отбасы әсеріне қарағанда, отбасы тәрбиесіне қатысы жоқ құрбы-құрдастар тобы немесе қоршаған ортаның кездейсоқ факторларының ықпалы күштірек екенін тілге тиек етеді. Осылайша, отбасының тәрбиесі қалыс қалған кезде мектеп тәжірибесі жастардың «тәрбиесінен» елеулі орын алуы мүмкін. Осыдан зият жалғыз да тұрақты ішкі қасиет емес, керісінше ол қоршаған орта ықпалына бейім түрлі компоненттерден тұрады деген болжам жасауға болады [6].

Нәтижелері мен талқылануы

Осыдан тұжырымдайтынымыздай кейбір пәндерге икемділік геннен келсе, кейбір пәндерге орта арқылы қызығушылығын арттуға икемділіктерін ашуға болады. Сондықтан оқушының белгілі пәнге икемділігі арқылы сыртқы түрткіден (география пәні мұғалімі) ішкі қабілетін (география пәніне деген қызығушылығын) ашу қажет. Барлық пәндердің география пәніне қызығушылықтары жоғары және білім деңгейі жоғары бола бермейді. Әр баланың жоғарыда тұжырымдарға сәйкес геннен келетін пәнге икемділіктері болады: математикалық есепті мықты шығаратын, әнді жақсы айтатын – музыка пәні, өлең шығаратын – әдебиет және т.б. оқушының басқа пәндерге бейімділіктерін біліп сол пән арқылы географияға бағыттау керек, себебі

Чиксентмихайидың іліміне сәйкес оқушыны алаңдаушылыққа немесе зерігуге жібермей АҒЫНҒА түсіру қажет [7]. Сабақ барысында география пәні бойынша оқушының дағдысы төмен болса бірақ оған жоғары талап қойылса яғни оның шамасы жетпейтін жоғары тапсырма берілсе немесе сұрақ қойылса оқушыда алаңдаушылық болады, керісінше де дағдысы жоғары оқушыға төменгі талап яғни оның мүмкіндігінен төмен дейгейлі тапсырма берілсе, ол оқушы жеңіл тапсырманы тез орындап қалған бос уақытында зерігуге түседі. Чиксентмихайидың ілімі әр оқушының басқа пәндерге икемділігін, дағды мен мүмкіндіктерін ескеріп пәндік интеграция арқылы тапсырма және бағалау бергенде ғана барлық оқушы «ағынға» түсіп әр оқушы өз деңгейінде жаңа тақырыпты меңгеріп шығады [8]. Тіпті «мінезі қызба, тәртібі қиын» оқушыларды да пән бойынша болмаса да жалпы өмірдегі қызығу бағыты арқылы да сабаққа тартуға болады. Мысалы ауыр өнеркәсібі соның ішінде машина жасау өнеркәсібі тақырыбында ешбір сабаққа қызығушылық не белсенділігі жоқ оқушының осы тақырып арқылы әсіресе бағалау формасы арқылы сабаққа кірігіп тіпті ойын, пікірін тұжырымдап, қорытындыны мен айтайыншы деген 9-сынып оқушысы болған [9]. Мұғалім смайликтер арқылы бағалауда соның ішінде машина смайликтерімен бағалауды қолданғанда, «тәртібі қиын» оқушы тек Қазақстан бойынша емес дүниежүзілік машина жасайтын орталықтар, олардың рейтингтері, маркалары туралы көптеген ақпараттармен бөлісіп, өзі отырған тобына смайликтер көп алып жеңіске жеткен болатын. Оқушыдағы ішкі уәждің көтерілгені бірден көрініп тұрды: жан-жағына қарайлап, қуанып, мұғалімді мұқият тыңдап, өзінше тұжырым жасап, тіпті мұғалімге келесі жолы қандай бағалау түрін қолдануға болатындығы туралы өте керемет ой білдірді. Мінекей тек ғылыми зерттеулер, ғалымдардың пікірі ғана емес тәжірибеде де осы интеграциялық бағалаудың өте тиімді екендігін дәлелденіп отыр [10].

Қорытынды

Қорытындылай келе мұғалімдер тек өз пәнін біліп, дұрыс жоспарлап қана қоймай басқа пәндерді сыныптағы оқушылардың қызығушылықтары арқылы дұрыс кіріктіре алуылары міндеттеледі. Сол арқылы география пәніне қызығушылықтарын арттыра алады, себебі қызығушылығын арттыру деген сабақта видео көрсету, аудиотыңдалымдар арқылы, қызықты әдіс қолдану арқылы, сергіту сәті арқылы ғана сол пәнге қызығушылығын арттыра сала аламын деген сөз емес, ол кең контекстегі жеке адам қызығушылығын, әр пәнге деген икемділіктерін ескере отырып соған түрткі болып әрекет ету болып табылады. Әрине ол үшін мұғалім жан-жақты білімді, білікті болуы тиіс. Қазіргі заман табалына сай «өзін-өзі оқыту» формасына өтуіміз тиіс екендігі туралы Елбасымыздың сөзінде де аталып өткен болатын. Сондықтан пән

мұғалімдері пәндік, пәнаралық интеграцияны қолдану арқылы сол пәнге деген оқушы дағдысын арттырып, құндылықтарын қалыптастырулары қолжетімді болуында үздіксіз өзін-өзі оқыту арқылы жүзеге асырады. Бұл да қазіргі 21 ғасыр мұғалімінен талап етілетін педагогикалық шеберлік. Мысалдардан көріп отырғанымыздай тақырып толық мақсатына жетіп қана қоймай оқушылардың болашақта дұрыс мамандық таңдауына да септігін тиігізіп, ынтасын арттырады. Дұрыс мамандық таңдау әр жеке тұлғаның бәсекеге қабілетті болуына бірден-бір себепші. Яғни географиялық **әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру дағдаларын қалыптастыру** шынайы қолжетімді болады.

Жүсіппен Аймауытов: «пәндер бір-бірлеріне қарама-қайшы емес, бір-бірлерімен байланыста болуы тиіс», - деп айтқандай, педагог шеберлігі, құзыреттілігі тек өз пәнін жетік меңгерумен ғана шектелмей пәнаралық интеграцияны педагогикалық және психологиялық тұрғыда кіріктіре алуы басты мақсат. Яғни сыртқы интеграциялау (өз пәнінің әдістемелік әдіс-тәсілдерін қолдану) мен ішкі интеграциялауды (дүниетанымдық, мазмұны, мағынасы) тиімді қолдану дағдысы арқылы оқушылардың пәндік және жеке құзыреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткіземіз, яғни географиялық академиялық тілде сөйлейтін, географиялық сыни ойлауы, дүниенің географиялық бейнесі мен географиялық мәдениеті қалыптасқан «тұлға» қалыптастырамыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 «География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж

2 Уикипедия ақпараты

3 Тренерге арналған нұсқаулық, 2017 жыл Астана;

4 http://www.rusnauka.com/15_NNM_2012/Pedagogica/5_110791.doc.htm;

5 **Gardner, H.** Multiple intelligences : New horizons [Зияткерлік қырлары: жаңа көкжиектер]. – New York, NY : Basic Book,. 2006. – 28 б.

6 **Harris, J. R.** The nurture assumption: Why children turn out the way they do [Тәрбие туралы ойлар: балалар неліктен бұндай болады]. – New York : The Free Press, 1998. – 29 б.

7 **Mercer, N.** Sociocultural discourse analysis: analysing classroom talk as a social mode of thinking [Әлеуметтік-мәдени сұхбат : сыныпта талқылауды

талдау – ойлаудың әлеуметтік түрі]. *Journal of Applied Linguistics*, 2005. – 1 (2). – 137–168 б.

8 Қазақстан географиясы. – Алматы : «Мектеп», 2019.

9 Views on the Use of Technology in Geography Course. SCOPUS JET. *International Journal: Emerging Technologies in Learning*. Table of Contents – iJET Vol. 15, No. 23, 2020. 42-51 p. Ussenov Nurbol, Zhoya Kairat, Abdimanapov Bahadurhan Sharipovich Mamadiyarov Marat, Tleubergenova Kenjekey, Malika Ussenova.

10 JET. *International Journal: Emerging Technologies in Learning*. Vol. 15, No. 20, 2020. The Use of Virtual Reality in Geo-Education. Nurzhanat Dalelova Shakirova, Nidal Al Said, Svetlana Mihailovna Konyushenko

References

1 «Geografia» zhane «Zharatylystanu» panderi boiynsha pedagog kadrlardyn biliktigin arttyru kursynyn bilim beru bagdarlamasy / «Nazarbaev Ziiatkerlik mektepteri». DBBU Pedagogikalyq sheberlik ortalygy [Educational program for advanced training of teachers in the disciplines “Geography” and “Natural Science”, «Nazarbayev Intellectual Schools» pedagogical Center], – 2016 zh. [in Kazakh]

2 Uikipediia aqparaty

3 Trenerge arналған nusqaulyq, 2017 zhyl Astana; [in Kazakh]

4 http://www.rusnauka.com/15_NNM_2012/Pedagogica/5_110791.doc.htm;

5 **Gardner, H.** Multiple intelligences: New horizons [Intellectual Aspects: New Horizons]. – New York, NY : Basic Books., 2006. – 28 p.

6 **Harris, J. R.** The nurture assumption: Why children turn out the way they do [Thoughts on parenting: why kids are like that]. – New York : The Free Press, 1998. – 29 p.

7 **Mercer, N.** Sociocultural discourse analysis: analysing classroom talk as a social mode of thinking [Sociocultural Dialogue: Analysis of Classroom Discussion - a Social Form of Thinking]. *Journal of Applied Linguistics*. – 2005. – 1 (2). – P. 137–168.

8 Qazaqstan [geografiyası, geography of kazakhstan] Almaty «Mektep», 2019 zhyl [in Kazakh]

9 Views on the Use of Technology in Geography Course. SCOPUS [JET. *International Journal: Emerging Technologies in Learning*. Table of Contents - iJET] Ussenov Nurbol, Zhoya Kairat, Abdimanapov Bahadurhan Sharipovich Mamadiyarov Marat, Tleubergenova Kenjekey, Malika Ussenova. Vol. 15, No. 23, 2020. 42-51 p.

10 JET. International Journal: Emerging Technologies in Learning. [The Use of Virtual Reality in Geo-Education]. Nurzhanat Dalelova Shakirova, Nidal Al Said, Svetlana Mihailovna Konyushenko. – Vol. 15. – No. 20. – 2020.

Материал 15.03.21 баспаға түсті.

С. Г. Калкашев^{1*}, Б. Ш. Абдимананов², Д. Д. Есимова³

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 15.03.21.

ПРЕДМЕТНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СИСТЕМЫ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ ПО ПРЕДМЕТУ ГЕОГРАФИЯ

В этой статье обсуждается важность и эффективность предметной и междисциплинарной интеграции в наличии навыков и ценностей, которые должны формироваться у учащихся согласно по требованию стандарта в предмете география. Проанализированы ответы на вопросы как эффективно реализовать эти требования, как повысить интерес учащихся к предмету география с точки зрения интеллекта, интересов, гибкости в предмете по научным исследованиям, гипотезы и вердикты ученых-педагогов, а также на конкретных примерах школьных практик. Также рассматриваются навыки учителей как внешний фактор, который необходим для улучшения навыков учеников и раскрытия их внутренней сущности.

Изучена и эффективно спланирована через инновационный метод формирования навыков профорIENTATION учащихся, обоснование предметной интеграции и аксиологию обучения.

В современном рыночном и социально-экономическом образовании были пересмотрены такие понятия великого воспитания, как природоведение, воспитательные прогнозы, семейное воспитание.

Также в статье рассмотрены программы образовательной реформы, необходимость внедрения критериального оценивания в систему образования. Что необходимо учитывать на основе критериального оценивания и обсуждения компетенций учителя XXI века в формировании навыков и умений, которые необходимо иметь у

ученика? вопросы о том, как реализовать, раскрыты на конкретных примерах и научных доказательствах. Дается общее представление о всех видах, понятии и порядке, характеристиках оценки.

Ключевые слова: интеграция, интегрированное оценивание, междисциплинарная интеграция, профориентация, природа и гены, пространственное мышление, интеллект, поток.

S. G. Kalkashev^{1*}, B. Sh. Abdimanapov², D. D. Esimova³

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 15.03.21.

SUBJECT INTEGRATION IN THE EFFECTIVENESS OF THE CRITERICAL ASSESSMENT PROCESS IN THE DISCIPLINE OF GEOGRAPHY

This article discusses the importance and effectiveness of subject and interdisciplinary integration in the availability of skills and values that should be formed in the student, as defined in the standard of geography. The analysis of how to effectively implement these subject links is based on scientific research, as well as specific examples of how to increase students' interest in geography in terms of intelligence, interests, flexibility in the subject. Teachers' skills are also considered as an external factor, which is necessary to improve students' skills and reveal their inner self.

It is studied and effectively planned through an innovative method of forming students' career guidance skills, the rationale for subject integration and the axiology of learning.

In modern market and socio-economic education, such concepts of great education as natural science, educational forecasts, and family education have been revised.

The article also discusses the programs of educational reform, the need to introduce criteria-based assessment in the education system. What should be taken into account on the basis of criteria-based assessment and discussion of the competencies of the teacher of the XXI century in the formation of skills and abilities that a student needs to have? questions about how to implement it are covered with concrete examples and scientific

evidence. The general idea of all types, concept and order, characteristics of the assessment is given.

Keywords: integration, integration assessment, interdisciplinary integration, career guidance, nature and genes, spatial thinking, intelligence, flow.

Теруге 15.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

2,30 Мб RAM

Шартты баспа табағы 15,8.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3748

Сдано в набор 15.03.2021 г. Подписано в печать 29.03.2021 г.

Электронное издание

2,30 Мб RAM

Усл.п.л. 15,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3748

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz